

## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 373	▼ -0,25%	▲ 8,6%
NASDAQ	21 385	▼ -0,30%	▲ 10,9%
DJIA	43 975	▼ -0,45%	▲ 3,7%
CBOE Volatility Index (VIX)	16	▲ 7,26%	▼ -9,4%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 130	▲ 0,37%	▲ 10,5%
DAX	2 059	▼ -0,39%	▲ 20,7%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	24 907	▲ 0,19%	▲ 26,9%
Nikkei 225	42 217	▲ 0,95%	▲ 5,8%
Shanghai SE	3 648	▲ 0,34%	▲ 11,8%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	6 699	▲ 2,06%	▲ 18,0%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Дүйсенбі күні қор нарықтары сауда сессиясын төмендеумен аяқтады: S&P 500 0,25%-ға төмендеп, \$6 373,45 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,30%-ға төмендеп, \$21 385,40 деңгейіне жетті; DJI 0,45%-ға арзандап, \$43 975,09 болды. S&P 500 индексінің 11 секторының 10-ы сауда барысында төмендеді. Негізгі аутсайдерлер Energy (-0,9%), Real Estate (-0,8%) және Information Technology (-0,8%) секторлары болды. Өсім көрсеткен жалғыз сектор — Communication Services (+0,6%).

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	8 658 367 136 379	▲ 0,6%	▼ -2,5%	▲ 20,8%
Consumer Discretionary	6 138 159 445 150	▼ -0,1%	▼ -0,3%	▲ 22,2%
Consumer Staples	3 427 953 255 453	▼ -0,5%	▲ 1,8%	▼ -2,7%
Energy	1 527 658 826 974	▼ -0,9%	▼ -5,1%	▼ -4,5%
Financials	7 674 305 215 652	▼ -0,1%	▼ -1,2%	▲ 18,5%
Industrials	4 544 333 969 566	▼ -0,4%	▼ -0,9%	▲ 19,5%
Information Technology	18 777 513 064 415	▼ -0,8%	▼ -1,2%	▲ 24,4%
Materials	1 000 162 842 751	▲ 0,0%	▼ -5,4%	▼ -1,8%
Real Estate	1 033 958 563 447	▼ -0,8%	▼ -3,9%	▼ -4,9%
Utilities	1 190 249 708 594	▼ -0,3%	▲ 4,7%	▲ 19,4%
Health Care	4 889 279 599 266	▼ -0,2%	▼ -2,5%	▼ -7,1%

Дүйсенбі күні Уолл-стриттің негізгі қор индекстері теріс аумақта сауда сессиясын аяқтады, себебі инвесторлар пайыздық мөлшерлеме саясатының ықтимал өзгерістерін бағалау үшін инфляция деректерінің жариялануын күтуде. Сонымен қатар, нарық қатысушылары АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қатынастарының дамуын мұқият қадағалап отыр.

Күннің басты оқиғасы — АҚШ президенті Дональд Трамп Қытайдан әкелінетін тауарларға қолданыстағы баж салығын тағы 90 күнге ұзарту туралы жарлыққа қол қойды. АҚШ-тың бұл қадамына жауап ретінде Қытайдың Сауда министрлігі тарифтерді арттыруды уақытша тоқтатынын және америкалық компанияларды сауда мен инвестицияға шектеулер тізіміне енгізуді үш айға кейінге қалдыруға шешім қабылдағанын мәлімдеді.

Бұл шешім АҚШ-тың Қытай импортына тарифтерді үш таңбалы көрсеткішке дейін көтеруіне бірнеше сағат қалғанда қабылданды. Қолданыстағы баж салығын ұзарту туралы шешім тарифтердің күрт өсуінің алдын алды: Қытай импортына 30%-дан 145%-ға дейін, ал Қытайдың АҚШ-қа экспортына 10%-дан 125%-ға дейін өсуінің алдын алды. Мұндай жағдай іс жүзінде сауда эмбаргосына әкелуі мүмкін еді.

Бұған дейін Трамп әкімшілігі Nvidia және AMD компанияларымен ерекше келісімге келген болатын. Бұл келісім бойынша аталған компаниялар Қытай нарығында белгілі бір озық AI чиптерін (әсіресе, Nvidia-ның H20 және AMD-ның MI308 үлгілері) сату арқылы түскен табыстың 15%-ын АҚШ бюджетіне аударары және бұған айырбас ретінде экспорттық лицензиялар алады.

Осы оқиғалар аясында АҚШ пен Бразилия арасындағы қарым-қатынастағы жоғары шиеленіс сақталуда. Дүйсенбі күні Бразилияның қаржы министрі Фернандо Хаддад АҚШ-тың қаржы министрі Скотт Бессентпен апта соңында өтуі тиіс виртуалды кездесуді тоқтату туралы хабарлады. Бұл — АҚШ енгізген көптеген экспорттық тауарларға 50 пайыздық тарифті төмендетуді көздейтін Бразилия үшін айтарлықтай кедергі болды.

Осы уақытта нарықта жекелеген компаниялар оң динамика көрсетті: Micron Technology акциялары компанияның төртінші тоқсанға арналған кіріс және түзетілген пайда болжамын көтеруінен кейін 4%-ға өсті. Сонымен қатар, Intel акциялары президент Трамптың оның отставкаға кетуін талап еткеніне қарамастан, бас директор Лип-Бу Танның Ақ үйге барғаны жайлы жаңалықтардан кейін 3,5%-ға қымбаттады. Бұдан бөлек, TKO Group акциялары 10%-ға өсті, себебі Paramount UFC іс-шараларын келесі жеті жыл бойы эксклюзивті тарату құқығын алу үшін 7,7 млрд долларлық келісім жасады.


KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	352	▲ 2%	▲ 28,4%
Банк ЦентрКредит	4 197	▲ 8%	▲ 83,1%
Kcell	3 390	▼ -1%	▲ 0,3%
Казатомпром	23 605	▲ 1%	▲ 15,4%
КазТрансОйл	804	▲ 0%	▼ -2,4%
KEGOK	1 447	▲ 0%	▼ -4,9%
Kaspi.kz	51 650	▲ 5%	▼ -5,8%
КазМунайГаз	20 280	▼ -2%	▲ 38,6%
Эйр Астана	760	▲ 1%	▼ -33,5%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	543,41	▲ 0,57%	▲ 3,6%
RUB/KZT	6,40	▲ 0,00%	▲ 31,5%
CNY/RUB	10,74	▲ 0,93%	▼ -23,3%
EUR/USD	1,1614	▼ -0,21%	▲ 13,1%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>  
 Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.